



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№ 3 (106)

Астана
2024

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

СЫДЫҚОВ Айбек Жексеналыұлы	– PhD докторы (алқа төрағасы) (Қазақстан)
ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы	– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD докторы (Қазақстан)
САБИТОВ Жаксылық	– PhD докторы (Қазақстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD докторы (Қазақстан)
ҚАРА Әбдуақап	– доктор, профессор (Түркия)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (АҚШ)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)
РАДИВОЖЕВИЧ Мильяна	– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

Aibek Sydykov	– Doctor PhD (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Zhanat Aimukhambet	– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)
Ulan Umitkaliev	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Victor Merts	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Maxat Zhabagin	– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Ulan Bigozhin	– PhD (Kazakhstan)
Zhaxylyk Sabitov	– PhD (Kazakhstan)
Paula Dupuy	– PhD (Kazakhstan)
Kara Abdulvahap	– Doctor, professor (Turkey)
Uli Shamiloglu	– PhD, professor (USA)
Gulnara Aitpaeva	– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)
Radivojevic Miljana	– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

СЫДЫКОВ Айбек Жексеналыевич	– PhD доктор (председатель коллегии) (Казахстан)
ИБРАЕВА Акмарал Госмановна	– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович	– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашевич	– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
АЙМУХАМБЕТ Жанат Аскербековна	– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)
УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
ЖАБАГИН Максат	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
БИГОЖИН Улан Зейноллаулы	– PhD доктор (Казахстан)
САБИТОВ Жаксылык	– PhD доктор (Казахстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD доктор (Казахстан)
КАРА Абдуакап	- Доктор, профессор (Турция)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (США)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	- доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)
Радивожевич Мильяна	- PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

<i>Әлибай Б.Е., Ерсариев А.М., Суюндикова М.Қ., Аққалиева А.Ш.</i> Жаңадария бойындағы ортағасырлық қоныстар (2022 жылғы барлау жұмыстары негізінде) <i>Alibay B., Ersariyev A., Suyundikova M., Akkalieva A.</i> Medieval Settlements along the Janadarya River (Based on exploration works of 2022) <i>Алибай Б.Е., Ерсариев А.М., Суюндикова М.Қ., Аққалиева А.Ш.</i> Средневековые поселения вдоль Жанадарьи (на основе разведочных работ 2022 года).....7	7
<i>Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ергобылов А.Е.</i> Қапал-Қызылағаш 1 қалашығындағы археологиялық жұмыстардың алдын-ала нәтижелері <i>Zhumataev R.S., Shakenov S.T., Ergabylov A.E.</i> Preliminary Results of Archaeological Works at the Kapal-Kyzylagash 1 Settlement <i>Жұматаев Р.С., Шакенов С.Т., Ергобылов А.Е.</i> Предварительные результаты археологических работ на городище Капал-Кызылағаш 1.....34	34
<i>Аминова Р.Н., Аккошкарлова Ж.Т., Тушева Е.К., Рахимжанова С.Ж.</i> Шижаға мен Құйылыс тұрақтарының жаңа материалдары <i>Aminova R.N., Akkoshkarova Zh.T., Tusheva Y.K., Rakhimzhanova S.Zh.</i> New materials from the Kuiyllys and Shizhaga sites <i>Аминова Р.Н., Аккошкарлова Ж.Т., Тушева Е.К., Рахимжанова С.Ж.</i> Новые материалы стоянок Куйылыс и Шижага.....46	46
<i>Болсынбек Т.Н.</i> Батыс Қазақстан облыстық тарихи - өлкетану музейінің материалдарындағы Қазақстан тарихы (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бірінші ширегі) <i>Bolsynbek T.N.</i> The history of Kazakhstan in the materials of the West Kazakhstan Regional Museum of local lore (the 2 nd half of the 19 th c. – the quarter of the 20 th c.) <i>Болсынбек Т.Н.</i> История Казахстана в материалах Западно-Казахстанского областного историко-краеведческого музея (вторая половина XIX – первая четверть XX вв.).....59	59
<i>Шақшақов Қ.Ғ., Токтаров Д.В.</i> В.Ф. Зайберт еңбектеріндегі Солтүстік Қазақстанның ежелгі тарихы <i>Shakchakov K.G., Toktarov D.V.</i> Ancient History of Northern Kazakhstan in the Works of V.F. Zaibert <i>Шақшақов Қ.Ғ., Токтаров Д.В.</i> Древняя история Северного Казахстана в трудах В.Ф. Зайберта.....73	73
<i>Жақсылықова Н.Е.</i> Ортағасырлық «Шым қала» тарихи-мәдени кешені <i>Zhaksylykova N.E.</i> Medieval historical and cultural complex "Shym kala" <i>Жақсылықова Н.Е.</i> Средневековый историко-культурный комплекс «Шым қала»....85	85

Этнология / Ethnology / Этнология

Артықбаев Ж.О. Бәйті тарихы (топонимді тарихи-этнографиялық тұрғыдан талдау үлгісі)

Artykbayev Zh.O. History of Baite (historical and ethnographic analysis of toponyms)

Артықбаев Ж.О. История Байте (исторический и этнографический анализ топонимов).....99

Амдаев С.Д. Гаджар ханның айқындалмаған тұлғалық бейнесі

Atdaev S.J. Unknown Portrait of Gajar Khan

Амдаев С. Дж. Неизвестный портрет Гаджар-хана.....117

Кошман Т.В. XX ғасырдың басындағы Ақмола облысы Спасское ауылындағы ағаш сәулет ескерткішінің тарихы

Koshman T.V. History of a wooden architecture monument from the beginning of the 20th century in Spasskoe village of Akmola region

Кошман Т.В. История памятника деревянного зодчества начала XX века села Спасское Акмолинской области.....143

Ғылым жаңалығы/ Science news/ Новости науки

Әжіғали С.Е., Әшім Б.Ә. Қостанай облысының ескерткіштерінде этноархеологиялық жаңа зерттеулер

Azhigali S.E., Ashim B.A. New ethnoarchaeological studies of monuments in Kostanay region

Ажигали С.Е., Ашим Б.А. Новые этноархеологические исследования памятников в Костанайской области.....155

Артықбаев Ж.О.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
e-mail: socantropology@mail.ru

БӘЙТІ ТАРИХЫ (ТОПОНИМДІ ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАЛДАУ ҮЛГІСІ)

Аңдатпа. Бәйті кешені – Үстірттің Маңғыстаудың ойына қараған шыңында орналасқан ежелгі ғұрыптық ескерткіш. Ескерткіштер кешеніне археологиялық қазбалардан басқа зерттеулер жүргізілмеген. 2024 жылғы далалық топономастикалық экспедиция кезінде Бәйті кешені аймағында ескерткішпен танысып, жергілікті елден деректер жинақталды. Бұл мақала осы деректердің негізінде Үстірттің Маңғыстау жағындағы қабағына орналасқан Бәйті тарихи топонимиялық кешенінің пайда болған уақытын, сол кезеңдегі этникалық ахуалды, саяси жағдайды, этникалық араластықты т.б. мәселелерді талдауға арналады.

Зерттеу жинақтаған топонимиялық, этнографиялық деректер Бәйті кешеніне қатысты түсініктердің бәрін қайта қарауға мүмкіндік береді. Біріншіден, бұл тұжырым «сармат-алан» ұғымына қатысты. Біз бұл атаудың латындық нұсқасына, яғни Sarmatae/Сарматай атауына қайтып келуді ұсынамыз. Екіншіден, сармат тайпалары арасында басшылық жасаған Аорстарды біз Маңғыстау және оған жапсарлас аймақтарды мекендеген Адай конфедерациясының құрамындағы Құнанорыс тайпасымен байланысты қарастырамыз. Үшіншіден, Құнанорыс құрамындағы Сүйіндік, Жүнді эпонимдерін біз ғұн дәуірімен, соның ішінде ғұндардың негізгі құрамында болған сюнну/сюбу және кейін қосылған жүнді/жун-ди қауымдарымен байланыстырамыз. Қазіргі уақытта оларды арғын және адай конфедерацияларының құрамынан көреміз. Бәйті кешенінен табылған таңбалар ерекше қызығушылық тудырып отыр. Жүргізген салыстырмалы зерттеулер Бәйті ғибадатханасынан табылған таңбалардың көпшілігі ортағасырлық оғыз таңбалары мен қазақ таңбаларына ұқсас екенін көрсетіп отыр.

Кілт сөздер: Бәйті кешені, Үстірт, Маңғыстау, сармат-алан мәдениеті, сарматай, аорыс, жүнді, таңба, ғұн, оғыз.

Дәйексөз үшін: Артықбаев Ж.О. Бәйті тарихы (топонимді тарихи-этнографиялық тұрғыдан талдау үлгісі) // Мәдени мұра. 2024. №3 (106). 99-116 б.(қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v19.i3.07>

Кіріспе

Ұлан-байтақ қазақ жерінің батыс бөлігі - Каспий (Хазар) теңізін жағалай жатқан Маңғыстаудың ойы мен Үстірт қыры Еуразиялық өркениеттердің ізі мол ұшырасатын, оның үстіне сан мыңдаған жылдар керуен жолдармен өрнектелген өлке. Осынау кеңістіктің тарихын жазу түгілі, жалпы нобайын түсінудің өзі ауыр жүк. Бұл мәселені ғылыми шешудің нақты жолдарының бірі жазба және ауызша деректерді талдау, ғұрыптық, археологиялық және архитектуралық ескерткіштерді кешенді зерттеу, сонымен бірге Маңғыстау мен Үстірттің жер-су атауларын тарихи-этнографиялық контексте қарастыру.

2024 жылғы жаз айларында Маңғыстау мен оған жапсарлас аймақтарда жүргізілген далалық топономастикалық зерттеулер нәтижесінде ондаған тарихи топонимдер туралы деректер жинақтадық. Бұл мақала осы деректердің негізінде Үстірттің Маңғыстау жағындағы қабағына орналасқан Бәйті тарихи топонимиялық кешенінің пайда болған уақытын, сол кезеңдегі этникалық ахуалды, саяси жағдайды, этникалық араластықты т.б. мәселелерді талдауға арналады.

Алдымен Бәйті тарихнамасындағы қателіктер және даулы мәселелерді анықтайық:

Біріншіден, қазақ тілді ғылыми әдебиетте Бәйті «Бәйте» атауымен кездеседі, яғни атау қазақша «зерттеулерге» орысша «зерттеулерден» келген. Сонымен бірге Бәйті кешені «Сай Өтеш (Сай Отес) темір жол станциясынан солтүстік-шығысқа қарай 50 км жерде орналасқаны» айтылады, шынында бұл жердің тарихи атауы «Өтес сайы». Осы сайдың өре басында Өтес қауымы (қорымы) бар. Өтес сайы

Қайдақ сорына барып жалғасады. Бозашы түбегі мен Үстіртті бөліп жатқан Қайдақтың ертеде шығанақ болғаны анық. Оның бір дәлелі сайды қуалаған керуен жолдары мен шыңның етегіндегі сарай (рабад) іздері.

Екіншіден, Бәйтіде этнографиялық және топонимиялық зерттеулер жүргізілмеген. Жергілікті халық өкілдері Бәйтіні «Әулие» дейді, ал археологтар «ғибадатхана» атауын қолданған. Әрине, бұл жерде әртүрлі ғұрыптар орындалғаны анық, бірақ «Әулие» сөзінің қазақ ұғымында мағынасы, салмағы өте күшті. Бәйті аталатын ғұрыптық-жерлеу кешенінің құрамына кіретін толып жатқан ескерткіштердің, сынтастардың (жергілікті елде - тас құдай – сөзі де қолданылады) жеке атаулары анықталмай қалған;

Үшіншіден, археологтар «Бәйті» атауының шығу тәркінін анықтаудың орнына оны тегі де, өзіндік ерекшеліктері де түсініксіз «сармат-алан мәдениетіне» тіркеген. Бүгінгі күні Маңғыстау өңірінің тарихи ескерткіштеріне арналған барлық зерттеу еңбектер мен анықтамалықтарда осы жорамал тарихи дерек ретінде жүр. Мысалы «*Бәйте (Бәйті-Ж.А.) ғибадатханасы- сарматтар заманынан сақталған тарихи ескерткіш, киелі орын. Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданында, Сайөтеш (Өтес сайы-Ж.А.) ауылынан 50 км, Бейнеу-Ақтау темір жолының 56 және 57 бекеттерінің аралығында орналасқан*» (Аяған, 2007). Бұл «анықтаманың» ар жағында Бәйті ескерткіші ирандық, яғни қазақ мәдениетіне қатысы жоқ деген қате тұжырым тұр.

Бәйтіге қатысты жоғарыда көрсетеліген қателіктер мен даулы мәселелердің көпшілігі бұл қасиетті кешенді 1980-ші жылдардан бастап Ресей археологтары меншіктеп алғандықтан туындады деп есептеуге

болады. Бізге ақпарат берген жергілікті адамдар ресейлік археолог Л.Л. Галкин Өтеске 50 студентті ертіп келіп, қазбаны бастағанда Бәйті кешенінде 70-тен астам сынтас (тас құдай) (Бәйті 1-де 25–30, Бәйті 3-те 45–46) тұрғанын айтады (Ольховский, Галкин, 1990:196–206).

Қазіргі күні сынтастардың 2-3 ғана Ақтау мен Астанада музейлерде орын тапқан, қалғанын Л.Л.Галкин бірнеше вагонға тиеп Ресейге жөнелткен. Қазба жұмыстарын жүргізген соң археологтар Бәйтінің 3 метрден биік іргелері бар тас ғимаратын бульдозердің күшімен қайта көміп тастаған.

Материалдар мен әдістер

Жоғарыдағы тарихнамалық қателіктер мен даулы мәселелер Бәйті тарихи-топонимиялық кешеніне қатысты зерттеулер алдымен ұғым және түсінік мәселелерін қамтуы керек. Бәйті жұмбағын шешу үшін археологиялық зерттеулерден басқа Маңғыстау мен Үстірттің тарихи жер-су атаулары, яғни топонимиялық материалдар толық қарастырылмаған. Біздің мақаламызда тарихи-этнографиялық тұрғыдан кемшін зерттелген бұл өңірдің көне және ортағасырлық тарихын зерделеуге қазақ халқының ауызша дәстүрі, әсіресе қазақ этносы құрамындағы рулар шежіресі мен эпикалық мұрасы қамтылған. Бұл аталған материалдар мақаланың негізгі қайнар көзі болып табылады.

Үстірттің шыңында орналасқан Бәйті ескерткішін біз алдымен тарихи-топонимиялық кешен ретінде қабылдаймыз. Бұл жерде ғұрыптық дәстүрлерді өткізетін негізгі ғибадатханадан басқа бірнеше шағын ғимараттардан қалған үйіктердің орындары мен жерлеу орындары бар. Бәйті кешенінің сырын

ашу үшін алдымен осы аймақта топономастикалық зерттеулер жүргізу керек, екіншіден жергілікті тұрғындардың арасынан этнографиялық мәліметтер жинау маңызды. Бұл кешеннің көне және ортағасырлық тарихын анықтау үшін біздің ойымызша Орталық Азия кеңістігіндегі тарихи процесстерді міндетті түрде ескеріп отыру, салыстырмалы тарихи зерттеу әдістемелерін қолдану зерттеудің нәтижелі болуының кепілі деп есептейміз.

Зерттеуде Бәйті тақырыбын бірнеше қырынан, яғни кешенді түрде талдаймыз. Тарихилық принциптерін қолдана отырып біз тақырыпты сармат-алан концепциясы жағынан, қазақ шежіресі тұрғысынан, ғұн саяси құндылықтары, құрамы және қозғалыстары, Бәйті таңбалары мен тілдік мәселелер контекстінде ашуға күш саламыз. Тек жан-жақты зерттеулер ғана Бәйті кешеніне ғылыми интерпретация жасауға мүмкіндік береді.

Талдау

Бірінші мәселе. Қазақ даласының батыс бөлігіндегі I мыңжылдық басындағы археологиялық ескерткіштерді «сармат-алан мәдениетіне» таңу Совет кезеңі археологиясында қалыптасты. Біз әлі осы сораппен келеміз, тек соңғы кезде көптеген ескерткіштер сарматпен сәйкеспейтін болғандықтан «ғұн-сармат дәуірі/гунно-сарматская эпоха» деген ұғымды қолданып жүрміз (Мартынов, 2005: 301). Бұл шамамен б.э.б. II-біздің заманымыздың V ғасыры аралығы. Шын мәнінде сармат (лат. Sarmatae) сақ-скиф қауымдастығы мен ғұндардың батыс топтары арасындағы араластық нәтижесі. Бұл мәселені түсіну үшін осы атауларға этимологиялық талдау жасасақ жетеді. «Сақ/saḥa»

атауы Әмудариядан Солтүстік мұзды мұхитқа дейін жайлаған протоғыздық қауымдардың ортақ атауы. «Скиф/скуз/ішкі оғыз» осы сақ/саһа халқының еуропалық атауы. Енді сармат атауына келсек бұл мәселелеу күрделілеу. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы V ғасырдан бастап антикалық тарихи әдебиетте (Диодор, Плиний ағасы, Полибий) сарматтарды Танаис (Дон, Тең) өзенінен шығысқа қарай Арал бойына дейінгі үлкен алқапты мекендеген жауынгер ел деп суреттейді: «Егер Танаис өзенінен әрі өтсеңіз ол жерлер скифтерге қармайды, ол аймақта сарматтар мекендейді». Деректерде сармат құрамында аорыс, языг, сирак, алан, роксалан, сақ аталатын тайпалар бар екені айтылады. Олар ата жағынан скифтер, ана жағынан амазонкалардың тұқымы –мыс. «Тілі

мен әдет-ғұрыптары скифтерге келеді» деп жазады Геродот (Геродот, 1888:125).

Бүгінгі күнге дейін сармат этногенезі туралы ортақ пікір жоқ, біз «Сармат/Савромат/Sarmatae» Танаис (Дон, Тең) мен Арал теңіз арасында сақтардың ғұндардың батыс топтарымен араласқан бөлігі деп есептейміз. Сармат атауының этимологиясын біз Сары Матай эпонимімен, яғни Батыс аймақты мекендеген Матай қауымының бөлігімен байланыста қарастырамыз. Үстірт алқабының орталық бөлігін алып жатқан ежелгі сармат қоныстарының бірі Матай (Асмантай-Матай) құмы аталатын жер-су атауына көңіл бөліңіз. Матай - қазақ шежіресінде Найман конфедерациясының құрамындағы жетекші тайпалардың бірі, оған дәлел «Найман болсаң Матай бол...» делінетін



Сур.1. Бәйті – археологиялық зерттеулерден кейін
Fig.1. Baite after archaeological excavations

сөздер (Көпейұлы, 2013: 303). Көптеген ежелгі тайпалар сияқты Матайдың да шығыс (қара) және батыс (сары) бөліктері болды деп есептейміз. Сарыматай (сармат) бұл жауынгер протооғыз-ғұн қауымдарының ортақ атауы.

Екінші мәселе. Шығыс сарматтарының арасында басшылық жасаған аорс және оған көрші сирак тайпалары туралы алғашқы мәліметтерді біз Страбонның «География» еңбегінен кездестіреміз. Біздің жыл санауымыздың басындағы алғашқы ғасырларда «олардың бір бөлігі көшпелі, бір бөлігі шатырларда тұрады және егіншілікпен айналысады» дейді (Страбон, 1964: 46). Страбонның жазуына қарағанда саны өте мол бұл тайпалар Каспий жағалауында өздерімен тығыз қарым-қатынастағы үнді және армян саудагерлерінен айырбастап алған Үндістан және Бабыл тауарларымен түйелі керуен саудасын жүргізген. Бай болғандықтан алтын әшекейлерді көп қолданады т.б. Деректерде аорстардың бірнеше патшаларының аттары аталады. Зерттеушілер аорс тайпасын да, одан кейін тарихи деректерге көбірек ілінген аландарды да әдетте иран тілдес халықтар деп Кавказ осетин этногенезімен байланыстарады.

Біз аорстардың бір бөлігі Солтүстік Кавказ аймағына қоныстанғанына еш шүбә келтірмейміз, бірақ Каспийдің шығыс жағалауындағы керуен саудасына иелік жасаған аорстарды адай конфедерациясының құрамындағы Құнанорыс тайпасымен байланысты қарастыру керек деген пікірдеміз. Қазақ шежіресінен хабардар зерттеушілер Адай конфедерациясының екі үлкен құрамдас бөліктен тұратынын біледі. Оның біріншісі Құдайке бірлестігіне кіретін тайпалар, екіншісі Келімберді тобы. Шежіре аңыздарында Құдайке

Адайдың үлкен ұлы, Келімберді кіші ұлы, шамамен екеуінің арасы 20 жыл делінеді. Мәселе Құдайке сақ, мүмкін одан арғы уақыттан бері адайдың негіз өзегі болса, Келімберді тобына кіретін Құнан орыс, Ақпан, Балықшы (Шыбынтай), Бұзау (Әланияз), Тобыш, Мұңал бұл қауымға ғұн заманында қосылған деп есептейміз. Бұл адайдың шығу тегі туралы аңыздардың екі нұсқалы болуынан да сезіледі, оның біріншісі Адайды күн сәулемінен таратса, екіншісі Арғын (аңыздың кей нұсқаларында басқа тайпалар да аталады) Елтай батырдан таратады.

Шежіре аңыздарға қарағанда жоғарыда аты аталған Келімбердіден тараған алты бала ұрпағы «Алты Келімберді» аталаған (Жарытегі, 2015: 7). Келімбердінің алған әйелі аңыздарда біресе қарақалпақ, біресе татар, біресе қият тайпаларынан. Құнан орыс осы алтаудың үлкені болып есептеледі, бірақ Құнанорыс атауы туралы толып жатқан бір-біріне сәйкесе қоймайтын, кей жағдайда бірін-бірін жоққа шығаратын аңыз нұсқалары бар. Оларды шағын мақала көлемінде талдау шығу мүмкін емес, сол себепті оқырманды «Сегіз арыс адайым» атты 9 томдық шежіре жинағына бағыттаймыз (Жарытегі, 2015). Құнанорыстың шығу тегі туралы аңыздар бұл эпонимді «орыс/русский» этникалық атауымен байланыстырады және оны 1530 жылдары Сыр өңірінде туған екен-мыс дейді. Шын мәнінде Құнанорыстың «орыс/русскийге» де, 1530 жылдарға да еш қатысы жоқ. Бұл атау Маңғыстау –Үстірт аймағында сармат аталатын заманнан бері, ғұн дәуірінен бар. Жалпы аорс/орыс атаулары түркі халықтарында, соның ішінде Шығыс түркілерінің арасында ерте ортағасырлардан бастап кездеседі. Мысалы Түркі қағанаттары тарихында



Сур.2. Бәйті жерлеу орны
Fig.2. Baite burial site

оғыздық лауазымды иеленген Орысинал, Сарыарқа қазақтарының шежіресінде «...Шеріктен Үбай, Ноғай, Орыс деген ағайынды үш жігіт болған. Арқаға ауып келгені - Орыс пен Үбай. Арқаға келе жатып Орыс пен Үбай дариядан (Ертіс) атақты тұлпарға мінгесіп өтеді...» деген мәліметтер бар (Марғұлан, 1985:109).

Ерекше көңіл бөлетін мәселенің бірі Құнанорыс адай шежіресінің барлық нұсқаларында ержүрек, батырлығымен аты шыққаны. Мысалы Үбіғали Бақтығалиұлы жырында:

*Адай ауыл ішінде
Құнан орыс ер екен;
Екі атаға бөлінген-
Жантуған, Жанбай дер екен.*

*Жантуғаннан тарайтын
Сүйіндік, Жүнді сол екен, - делінеді*
(Жарытегі, 2 т, 2015: 11)

Бұл жырдың үзіндісінде тек

Құнанорыстың ерлігі ғана емес, сонымен бірге одан тарайтын негізгі тармақтардың аттары аталып отыр. Сүйіндік, Жүнді Құнанорыс шежіресінің бір нұсқасында ағалы-інілі, екінші бір нұсқасында әкелі – балалы т.б., яғни бұл эпонимдер тым ерте заманнан келе жатқаны сөзсіз. Егер Құнанорыс атауын біз сарматтың (сарматайдың) аорс тайпасымен байланыстырсақ, оның тұқымы болып тарайтын Сүйіндік пен Жүнді туралы қандай тұжырым жасай аламыз? Біздің ойымызша бұл жерде де ғұн дәуіріне шағын шегініс жасауға тура келеді.

Үшінші мәселе. Сақ (ішкі оғыз) қауымдары ерте замандардан бері ғұндармен байланысты болды. Сармат құрамындағы аорыс, языг, сирак, алан, роксалан қауымдары сақ-скифтердің ғұн қауымдарының батыс тармақтарымен

араластық нәтижесінде болды деген пікірдеміз.

Тарихнамада ғұндардың шыққан жерін Ордос, Моңғолия, Алтай аймақтарымен байланысты қарастырады. Шын мәнінде ғұндардың түпкі отаны ұлан-байтақ қазақ жерінің орталық бөлігі. Қола дәуірінде Орталық Қазақстандағы халық тығыздығы, кен орындары үшін талас ғұндардың бір бөлігін Шығыс Түркістанға, оның ішінде Қотан, Қарақожа аймақтарына көшуге мәжбүрледі. Қалалық мәдениеті мен сауда-саттығы жоғары дамыған бұл аймақта олар Қытаймен тай-таласта Шығыс ғұн империясын жасақтады, Ордосты (Ішкі Моңғолия), Алтайды, Ганьсуді (Арғын шань) алды. Осы кезеңде Ғұн империясы құрамына қыр оғыздарынан жүнді (жун-ди), бәйті (бәй-ди) бірлестіктері кірді.

Біз Модэ шаньюи заманынан бергі ғұн тарихынан хабардармыз, ал оның арғы жағындағы мыңжылдық тарих белгісіз. Сыма Цянь біздің жыл санауымызға дейінгі VII- VI ғасырларда Орталық Азияны жун немесе бәйди аталатын көшпелілер мекендеді дейді (Бичурин, 1851: 39-45). Қытайлықтар оларды кейін «ху» атай бастады, яғни бөтен, варвар деген мағынада. Көне тарихтың жақсы білгірлерінің бірі, атақты қытай тарихшысы Фань Вэнь-лань бұл кезеңнің этносаяси картасына қатысты былай деп жазады: «Батысқа қарай жүнді (жунди) аталатын тайпалар бірлестігі жайлады. Олар қытайлықтарға жақын көрші еді, бірақ араласқан жоқ. Шэньси аймағында- да- жун, ли-жун, шоань –жун; Ганьсуде – сяо-жун; Хэнан мен Шаньсиде –мао-жуны, байди (бәйті), чиди, цянцзюжун, луши, люсюй және дочэн рулары мекендеді» (Фань Вэнь-лань, 1958: 137-138). Ғұндар Шығыс Түркістан аймағына алғаш

қоныстанған уақытта олардың жақын көршісі Хамидың солтүстік-батыс жағы мен Хотан және Алтынтау аралығын қоныстанған жүнді қауымдары болды (Бичурин, 1851: 39-45). Бәйтілер Л.Н. Гумилевтың сипаттауына қарағанда Сычуанның солтүстік жағын мекендеді (Гумилев, 1998). Өкінішке орай Сычуан тарихы сақ-ішкі оғыз контекстінде зерттелмеген, бірақ деректер біздің жыл санауымызға дейінгі I мыңжылдықта шаруашылыққа өте ыңғайлы құнарлы өлкеде Шу патшалығы болғандығын суреттейді. Жун қауымдары бірнеше тармаққа бөлінген, саны көп болатын, бәйтілер және жалпы ди аталатын қауымдар да саны жағынан аз емес еді, бірақ мемлекет құру процесі барысында олар ғұндарға қосылды.

Б.з.б. 55 жылдан бастап Шығыс ғұндардың үлкен бөліктері жұт жиілеп, көршілерімен жағдайлары шиеленісіп батысқа жылжи бастады. Олардың ішінде жүнділер мен бәйтілердің де болғаны анық деген пікірдеміз, себебі жүнділердің үлкен бөлігі «Ескі қырғыз» атауымен Орталық Қазақстанның ең биік нүктесі Қызыларай тауларында, арғын конфедерациясының руларымен аралас отыр, бәйтілер де «Ескі қырғыз» атауымен Қарқаралы, Ақтоғай қазақтарының ішінде жайлайды. Жүнділердің екінші бөлігі Каспий теңізі жағалауында, Адайдың Құнанорыс тайпасы құрамында екенін жоғарыда жаздық. Ол топ Сүйіндік – Жүнді болып аталатын себебі де Ғұн кезеңі тарихына байланысты, бұл жерде Сүйіндік атауының ежелгі Сюнну/Сюйбу атауларымен сабақтас екеніне назар аудару керек, яғни Шығыс Ғұн патшалығы аталатын алып мемлекетті құрушы және билеуші үш әулеттің бірі. Н.Я. Бичурин «Хуянь (бұл жерде Қуан-дық-Ж.А.) и Сюйбу всегда были



Сур.3. Бәйті. Орталық ғибадатхана

Fig.3. Baite. The view after archaeological excavations

в брачном родстве с Шаньюем. Сюйбу имел должность государственного Судьи» дейді (Бичурин, 1851: 49). Бұл жерде Н. Наушабаевтың «Манзумат Қазақия» кітабындағы «Би Сүйіндік» ұғымын осы әңгімнің бір сілемі деп қабылдау керек. Біздің ойымызша бәйтінің үлкен бөлігі жүнділермен бірге «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» аталатын кезеңде Үстіртке келіп қоныс тікті.

Төртінші мәселе. Бәйті кешенінен табылған жәдігерліктердің біздің қолымызда түп нұсқалары жоқ, сол себепті оларды тәпсірлеу де қиын. Дегенмен В.С.Ольховский, Л.Л.Галкин жариялаған бірді-екілі жарияланымдарда сынтастар және таңбалардың суреттері бар. Сынтастар қазақ өнертанушылары, таңбалар қазақ таңбатанушылар тарапынан зерттелуі керек. Біз Үстірт сынтастарында белгілі






дәрежеде Рим (Ұрым) мүсіншілік өнерінің әсері бар деп есептейміз, бірақ мәселе тек әсерде. Жалпы Еуразиялық далалық аймаққа тән заңдылықтар Үстірт сынтастарында басым. Тарихи деректер батыстық әсер Маңғыстау-Үстірт өнеріне Парфия және Хорезм арқылы келгенін көрсетеді. Олай болуы да заңды, себебі бұл кезеңде бүкіл Оңтүстік-Батыс Азия аймағында, қазіргі Түркменстан, Иран, Ирак т.б. жерлерінде дай (дақ, ада) тайпаларынан шыққан, ордасы мен пантеоны Ниса (Душанбеге жақын) қаласында болған Арсақ әулеті билік жүргізді. Рим империясы Парфияның басты қарсыласы болғаны, екі арада бірнеше соғыстың болғаны тарихи деректерден белгілі.





Бәйті кешенінен табылған таңбаларды міндетті түрде қазақ, әсіресе оғыздық таңбалармен салыстыра зерттеу аса маңызды. Біздің шәкіртіміз Ө. Шнанов




Бәйті кешенінде табылған таңбаларды ортағасырлық оғыз және қазақ таңбаларымен салыстыру барысында төмендегі кестені жасады (Кесте 1). Бұл салыстырмалы талдау жұмысы әлі де

жалғасуы керек және Бәйті таңбалары толық зерттелмей тұрып оларды таза ирандық тайпалардың таңбалары деп айтуға да болмайды.

Бесінші мәселе. Ресей тарихшылары

Бәйті қорымындағы таңбалар	Таңбалыжардағы Оғыз таңбалары	Қазақ ру-тайпалары таңбасы
		 Матай Садыр таңбасына да ұқсас
		 Дулат
	 Рашид ад дин дерегінде Аушур, Кызык таңбаларына ұқсас	
		 Шымыр  Жоғары шекті  Төменгі шекті 
		 Ошақты
	 Рашид ад дин дерегінде Чибни таңбасы	 Балталы
		 Сіргелі
	 Рашид ад дин дерегінде Кынык таңбасы.	 Адай

	 Қашқари дерегінде Қайы таңбасы. Ортаңғы бөлігінде бақан таңба орналасқан	 Бағаналы
		 Ысты, Тана
		 Қыпшақ
		 Абақ Керей
		 Шанышқылы
 көз таңбаға ұқсас		 Арғын
	 Рашид ад дин дерегінде Ийва таңбасы	 Төре (ұқсас таңбалар) Тарақты, Жалайыр
	 Рашид ад дин дерегінде Япарлы таңбасы	 Қоңырат
	 Қашқари дерегіндегі Йазгыр таңбасына ұқсас	 (Әлімұлы) Қарасақал
	 Рашид ад дин дерегінде Джауылдур таңбасы	 (шылбыр таңба) Ысты
	 Рашид ад дин дерегінде Имур таңбасы.	

	 М.Қашқари дерегінде Жувалдар таңбасы. Таңбалыжарда сақталмаған.	
	 Рашид ад дин дерегінде Бегдір таңбасы	
	 М. Қашқари дерегіндегі Салор таңбасына ұқсас.	
	 Рашид ад дин дерегінде Баят таңбасы. Таңбалыжарда сақталмаған.	 Дулаттың абақ таңбасына ұқсастығы бар.
	 Рашид ад дин дерегінде Бек- дели таңбасы. Таңбалыжарда сақталмаған.	
	 Қашқари дерегінде Аймур таңбасы. Таңбалыжарда сақталмаған.	 Ботпай таңбасына ұқсастығы бар
	 Рашид ад дин дерегінде Догдирга таңбасы. Таңбалыжарда сақталмаған.	
	 Рашид ад дин дерегінде бечинз-белжене (печенег) таңбасы. Таңбалыжарда сақталмаған.	

Кесте 1. Бәйті қорымындағы, Таңбалыжардағы және қазақ-ру тайпалары таңбаларының салыстырмалы кестесі

Table 1. Comparative table of the symbols of the Kazakh tribal clans from the Baite burial site and Tangbalyzhar

мен археологтары қазақ жерінің көне тұрғындарын иран тіл тобына, яғни үнді-еуропалыққа жатқызуды дәстүр қылды. Қазіргі күні қазақ зерттеушілері арасында біз әуел бастан түрік тілінде сөйледік деп орыстық көзқарасқа қарсы уәж айтатындар бар. Түпкі шындық дәл ортада, себебі қазақ даласы түрік (тур) және арий (ариан) халықтарының отаны. Қола дәуірінде бұлар аралас өмір сүрді, екі арадағы шекараны археологиялық, антропологиялық тұрғыдан көрсету мүмкін емес. Қазақ тіліндегі тұрандық және ариандық үлес әлі толық зерттелеген жоқ, ариандық негіз біздің тілдік қорымыздың 25 пайызын құрауы мүмкін. Біздің ойымызша қола дәуірінде екі ортада ортақ тіл (pidgin) болды, кейін қазақ даласында қалаған ариандық ру-тайпалар біртіндеп түркіге көшті. Бұл процесс Бәйті кешені салынып жатқан кезеңде, яғни 2100 жылдай уақыт бұрын өте белсенді жүрді деп есептейміз.

Алынған нәтижелер

Бірінші мәселе бойынша. Сармат-алан мәселесін түсіну үшін сармат атауының латындық нұсқасына, яғни Sarmatae/Сарматай атауына қайтып келу керек. Біз ғылыми айналымдағы «сармат» атауын қазақ ру-тайпалық құрамында жетекші орындардың бірін алатын матай тайпасымен байланыстырамыз. Ежелгі және ортағасырлық кезеңде Еуразия көшпелі қауымдарының көпшілігі батыс-сары, құба, шығыс-қара анықтамаларымен кездеседі. Сонымен Үстірт аймағындағы «Матай құмы, Асмантай-Матай» топонимдері сармат атауын батыс матайлармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Сармат/Сарыматай атауы протооғыздық негіздегі қауымдардың ғұндық араластығының нәтижесінде пайда болған ортақ атау.





Екінші мәселе бойынша. Шығыс сарматтарының арасында басшылық жасаған аорс тайпасын біз Маңғыстау және оған жапсарлас аймақтарды мекендеген Адай конфедерациясының құрамындағы Құнанорыс тайпасымен байланысты қарастырамыз. Жалпы адайдың Келімберді тобына кіретін Құнан орыс, Ақпан, Балықшы (Шыбынтай), Бұзау (Әлнияз), Тобыш, Мұңал біздің жыл санауымыздың басындағы сақ-ғұн араластығының нәтижесі деп есептейміз. Аорс/орыс атаулары түркі халықтарында, соның ішінде Шығыс түркілерінің арасында ерте ортағасырлардан бастап кездеседі. Бұл жорамалдың тағы бір дәлелі Құнанорыс құрамында Сүйіндік, Жүнді эпонимдерінің болуы.

Үшінші мәселе бойынша.

Ғұндар Шығыс Түркістан аймағына алғаш қоныстанған уақытта олардың жақын көршісі көп санды жүнді (жунди) қауымдары болды. Ордос жазығы үшін Ғұн мен Қытай соғысы кезінде олар империя құрамына кірді *«война шла с переменным успехом, но в составе гуннского объединения оказались в это время те жунские племена племена, которые прежде были независимы»* (Кляшторный, Султанов, 2004: 59). Біздің жыл санауымызға дейінгі I ғасырда Шығыс ғұндары батысқа жылжығанда олардың құрамындағы жүнділер мен бәйтілердің бірге жүруі заңды. Қазіргі уақытта оларды арғын және адай конфедерацияларының құрамынан көреміз. Біздің ойымызша бәйтінің үлкен бөлігі жүнділермен бірге «Халықтардың ұлы қоныс аударуы» аталатын кезеңде Үстіртке келіп қоныс тікті.

Төртінші мәселе бойынша

Бәйті кешенінен табылған таңбалар ерекше қызықтырады. Біздің жүргізген салыстырмалы зерттеулеріміз

Участок 1	Участок 2	Участок 3	Участок 4	Отдельные плиты кладки	Статуи	Облицовка
						
89 типов, 98 знаков	78 типов, 92 знака	22 типа, 26 знаков	21 тип, 22 знака	88 типов, 98 знаков	13 типов, 13 знаков	12 типов, 15 знаков

ИТОГО: 273 типа, 358 знаков.

Кесте 2. Бәйті таңбалары

Table 2. Baite symbols

Бәйті ғибадатханасынан табылған таңбалардың көпшілігі ортағасырлық оғыз таңбалары мен қазақ таңбаларына ұқсас. Біздің өтінішіміз бойынша Ө. Шнанов жасаған кестені ұсынамыз. Әрине, Бәйте кешенінде табылған таңбалардың оғыз, қазақ таңбаларына келмейтіндері де көп, мәселен «үш көз» таңбалар жиынтығы, бірақ бұл «үш көз» таңбалардың Маңғыстаудағы Үш көз әулие аталатын сакралды орынмен байланысы болуы мүмкін деген пікірдеміз.

Бесінші мәселе бойынша

Бұл тарапта жұмыстар жалғасуда. Біздің ойымызша егер тыңғылықты салыстырмалы лингвистикалық жұмыстар жүргізілсе қазақ тілінде, соның ішіндегі Маңғыстау өңіріндегі жер-су атауларында тұрандық және ариандық тілдердің көптеген ескерткіштерін анықтауға болады. Екі тілдің де қола дәуіріндегі және біздің заманымыздағы үлес салмағы әлі толық зерттелеген жоқ. Кейбір салыстырмалы жұмыстарға қарағанда ариандық негіз

біздің тілдік қорымыздың 25 пайызын құрауы мүмкін. Біздің ойымызша қола дәуірінде екі ортада ортақ тіл (pidgin) болды, кейін қазақ даласында қалаған ариандық ру-тайпалар біртіндеп түркіге көшті. Бұл процесс Бәйті кешені салынып жатқан кезеңде, яғни 2100 жылдай уақыт бұрын өте белсенді жүрді деп есептейміз.

Қорытынды

Біздің зерттеулеріміз Бәйті топонимі Үстірттің батыс-солтүстік қабағына орналасқан ғұн кезеңіне қатысты ғұрыптық кешен екенін көрсетеді. Бәйті кешенінде қазба жұмыстарын жүргізген археологтардың «ғибадатхана» ұғымын қолдануын біз қабылдаймыз, бұл шартты ұғым орысша «святилище»

сөзінің қазақша баламасы.

Біздің этнографиялық зерттеулеріміз Бәйті кешенінің «Бәйті үйігі» аталғанын анықтайды. Маңғыстаудың ойы мен Үстірттегі өзге де бірнеше ірі үйіктер сияқты Бәйтіні жергілікті ел «Әулие» деп атап келді және үйіктің ұшар басында биік орнатылған сырыққа жергілікті елдің әлем (ақ, әлем) байлауы және зиярат дәстүрі де 1970 жылдарға дейін жалғасты. Ерте кезеңде бұл кешен бүкіл қазақ даласына әйгілі көсемдер бас қосатын, әр түрлі ғұрып-жоралғылар өткізетін қасиетті орын болғаны анық. Осыған байланысты Бәйті кешеніне қатысты этнографиялық қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуі керек деп есептейміз.

Мақала ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын АР19680234 «Маңғыстау топонимастикалық ареалы: тарихи топонимия, топонимдер және оларды интерпретациялау» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Әдебиет

1. Артыкбаев Ж.О., 2019. Кочевники Евразии в калейдоскопе веков и тысячелетий. Астана-М. 300 с.
2. Аяған Б., 2007. Қазақстан ұлттық энциклопедия. Алматы: Қазақ энциклопедиясы. 9-том. 688 б.
3. Бичурин /Иакинф/ Н.Я., 1851. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. ч. I, СПб. С. 185.
4. Геродот, 1888. История в девяти книгах. М. С. 125.
5. Гумилёв Л. Н., 1998. История народа хунну. М. 398 с.
6. Жарытегі Ж., 2015. Сегіз арыс адайым. Танымдық шежіре кітап. 9 томдық. Астана: Профи Медиа. 512 б.
7. Кляшторный С. Г., Султанов Т.И., 2004. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. СПб.: Петерб. востоковедение. 368 с.
8. Көпейұлы М.Ж., 2013. Шығармалары. 1-20 томдар. Павлодар. 214 б.
9. Марғұлан Ә. Х., 1985. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар. Алматы: Жазушы. 368 б.
10. Ольховский В.С., Галкин Л.Л., 1990. Культурный комплекс на Устьорте (предварительное сообщение) // СА. № 6. С. 196–206.
11. Страбон, 1964. География.: в 17 кн. М.: Наука. С. 126.

12. Мартынов А.И., 2005. Археология. М.: Высшая школа. 447 с.

13. Фань Вэнь-лань, 1958. Древняя история Китая от первобытно-общинного строя до образования централизованного феодального государства. М. 137-138 с.

References

1. Artykbaev Zh.O., 2019. Kochevniki Evrazii v kaleidoskope vekov i tysiacheletii. [Nomads of Eurasia in a kaleidoscope of centuries and millennia] Astana-M. 300 p. [in Russian]

2. Ayagan B., 2007. Qazaqstan Ulttyq Enssiklopediasi [Kazakhstan national encyclopedia] Almaty: Kazakh encyclopedia. Vol. 9. 688 p. [in Kazakh]

3. Bichurin N.Y., 1891. Sobranie svedenii o narodakh obitavshikh v Srednei Azii v drevnie vremena [Collection of information about the peoples who lived in Central Asia in ancient times]. V.I, SPb., 185 p. [in Russian]

4. Gerodot, 1888. Istoriia v deviati knigakh [History in Nine Books]. / Moscow. 125 p. [in Russian]

5. Gumilev L. N., 1998. Istoriia naroda khunnu [History of the Xiongnu people]. M. 398 p. [in Russian]

6. Zharytegi Zh., 2015. Segiz arys adaiym [Eight lions are common.] Educational genealogy book. 9 volumes. Astana: Profi Media. 512 p. [in Kazakh]

7. Kliashtorny, S. G. Sultanov T. I., 2004. Gosudarstva i narody Evraziiskikh stepei. Drevnost i srednevekovye [States and peoples of the Eurasian steppes. Antiquity and the Middle Ages.] SPb.: Peterb. vostoovedenie. 368 p. [in Russian]

8. Kopeyuly M.Zh., 2013. Shygarmalary [Works]. Volumes 1-20. Pavlodar. 214 p. [in Kazakh]

9. Margulan A. Kh., 1985. Ezhelgi zhyr, anyzdar: gylymi-zertteu makalalar [Ancient poems, legends: research articles.] Almaty: Zhazushy. 368 p. [in Kazakh]

10. Olkhovskii V.S., Galkin L.L., 1990. Kultovyi kompleks na Ustiuurte (predvaritelnoe soobshchenie) [Cult complex on Ustyurt (preliminary report)] // SA. № 6. pp. 196–206. [in Russian]

11. Strabon, 1964. Geografiia [Geography] v 17 kn. M.: Nauka. 126 p. [in Russian]

12. Martynov A.I., 2005. Arkheologiya [Archeology.] M.: Vysshaya shkola. 447 p. [in Russian]

13. Fan Ven-lan, 1958. Drevniaya istoriya Kitaya ot pervobytno-obshchinnogo stroia do obrazovaniia tsentralizovannogo feodalnogo gosudarstva [Ancient history of China from the primitive communal system to the formation of a centralized feudal state]. M. 137-138 pp. [in Russian]

Артықбаев Ж.О.

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Астана, Казахстан

e-mail: socantropology@mail.ru

ИСТОРИЯ БАЙТЕ (ИСТОРИЧЕСКИЙ И ЭТНОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ТОПОНИМОВ)

Аннотация. Комплекс Байте представляет собой древнее культовое место, расположенное в западных окрестностях Устюрта и находится над Мангыстауской низменностью. До сих пор кроме археологических раскопок в данном комплексе памятников других видов исследований не проводилось. Во время полевой топонимической экспедиции 2024 года была проведена ознакомительная работа с памятниками, входящими в комплекс Байте, и собраны данные от местных знатоков истории. Эта статья посвящена анализу времени возникновения исторического топонимического комплекса Байте, этнической ситуации того времени, политическим условиям, этническому смешению и другим вопросам.

Собранные топонимические, этнографические материалы позволяют пересмотреть сложившееся представление о комплексе Байте. Во-первых, это касается «сармато-аланского» происхождения памятника, которое утвердилось среди исследователей. Автор статьи предлагает вернуться к латинскому названию *Sarmatae*/Сарматай. Во-вторых, один из основных компонентов сарматских племен – Аорс связан с племенем Куанорыс из состава конфедерации Адай, постоянных обитателей Мангыстау и прилегающих регионов. В-третьих, имеющиеся в родовой номенклатуре Куанорысов эпоним Суюндык относится к суюну/суюбу из основного состава гуннов, а Жунды – к племени жун-ди/шань жун, присоединившейся к гуннам позже. В настоящее время их можно обнаружить в составе конфедераций аргын и адай. В-четвертых, найденные в комплексе Байте тамги вызывают особый интерес. Проведенные сравнительно-исторические исследования знаков Байте со средневековыми огузскими, а также казахскими свидетельствуют о четкой преемственности между указанными группами.

Ключевые слова: Комплекс Байте, Устюрт, Мангыстау, сармато-аланская культура, сарматай, аорс, жунды, тамги, гунны, огузы.

Для цитирования: Артықбаев Ж.О. История Байте (исторический и этнографический анализ топонимов) // Мәдени мұра. 2024. №3 (106). 99-116 с.(Каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v19.i3.07>

Artykbayev Zh.O.

L.N. Gumilyov Eurasian National University

Astana, Kazakhstan

e-mail: socantropology@mail.ru

HISTORY OF BAITE (HISTORICAL AND ETHNOGRAPHIC ANALYSIS OF TOPONYMS)

Abstract. The Baite complex is an ancient cult site on the western fringes of Usturt, overlooking the Mangystau lowland. Until now, only archaeological excavations have been conducted on this monument complex. In the 2024 field toponymic expedition, an introductory study of the Baite monuments was conducted, gathering data from local historians. This article analyzes the emergence of the Baite toponymic complex, the ethnic situation of that era, political conditions, and ethnic mixing.

The gathered toponymic and ethnographic materials prompt a reevaluation of the Baite complex. Firstly, the monument's "Sarmato-Alan" origin has been established among researchers; the author suggests returning to the Latin name Sarmatae. Secondly, the Aors, a key component of the Sarmatian tribes, is linked to the Kunanorys tribe, part of the Aday confederation in Mangystau. Thirdly, the eponym Suyndyk in the Kunanorys lineage refers to the Xiongnu/Syunbu of the Huns, while Zhundy relates to the Jun-di/Shan-rong tribe that joined later. Currently, they can be found within the Argyn and Aday confederations. Finally, the tamgas found in Baite are particularly interesting; research indicates continuity with medieval Oghuz and Kazakh symbols.

Keywords: Baite complex, Usturt, Mangystau, Sarmato-Alan culture, Sarmatae, Aorsi, Jun-di, tamgas, Huns, Oghuz.

For citation: Artykbayev Zh.O. History of Baite (historical and ethnographic analysis of toponyms) // Madeni mura. 2024. №3 (106). 99-116 p. (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v19.i3.07>

Автор туралы мәлімет:

Артықбаев Жамбыл Омарұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0000000150209361

Scopus ID: 57192662156

Сведения об авторе:

Артықбаев Жамбыл Омарович, доктор исторических наук, профессор,
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

ORCID: 0000000150209361

Scopus ID: 57192662156

Information about the author:

Artykbayev Zhambyl Omarovich, doctor of historical sciences, professor, L.N.
Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

ORCID: 0000000150209361

Scopus ID: 57192662156